8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Анарбек Лаура Анарбекқызының дайындаған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі білім беру жүйесі педагогтен кәсіби білім мен біліктің жиынтығын ғана емес, өз кәсіби және тұлғалық дамуын үздіксіз жобалап, кәсіби шыңға саналы түрде ұмтыла білуді талап етеді. «Педагог мәртебесі туралы» Заң мен «Педагог» кәсіптік стандарты педагогтің кәсіби өсуін, өзін-өзі дамытуын және біліктілік деңгейлерін жүйелі арттыруын басты талаптардың бірі ретінде белгілейді. Мектепке дейінгі кезеңде баланың тұлғасы негізінен педагогтің үлгісі арқылы қалыптасатындықтан, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби шыңға ұмтылу қабілетін жоғары оқу орнында даярлық кезеңінен бастап дамыту ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, Анарбек Лаура Анарбекқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ғылыми тұрғыдан өзекті, теориялық және практикалық маңызы жоғары еңбек.

Диссертациялық жұмыста ізденуші акмеологияның философиялық, психологиялық және педагогикалық бастауларын, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін кешенді талдап, «акмеология», «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымдарының мәнін жүйелеген. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігі мотивациялық-құндылықтық (аксиологиялық), когнитивтік (танымдық), операционалды-әрекеттік (практикалық) және рефлексивтік-бағалау компоненттерінің бірлігінен тұратын интегративті кәсіби-тұлғалық сапа ретінде анықталып, оның өлшемдері мен көрсеткіштері негізделген. Сонымен қатар кәсіби күйіп кету, акмеге ұмтылу және акме деңгейлері ажыратылып, стрессті басқару мен лидерлік сапаның акмеге жетудегі рөлі ашылған.

Зерттеу барысында жүйелі, синергетикалық, акмеологиялық, құзыреттілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік және рефлексивтік тұғырларға негізделген құрылымдық-мазмұндық модель әзірленіп, оның мақсаттық, нормативтік-құқықтық, теориялық, әдіснамалық, әдістемелік, бағалау блоктары мен нәтижесі ғылыми тұрғыдан негізделген. Модельді іске асырудың төрт педагогикалық шарты айқындалып, Ф. Кортхагеннің ALACT моделі негізінде бейімделген «Акме-ALACT» спиральдық моделі ұсынылған.

Ізденуші зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу мақсатында оқу-әдістемелік кешен әзірлеген: «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының оқу бағдарламасы мен дәрістер жинағы, «Акмеология» оқу құралы, «Акмеологиялық сөздік», «Акме-ALACT» спиральдық моделін жүзеге асырудың әдістемелік нұсқаулығы, сондай-ақ авторлық

диагностикалық құралдар. Ұсынылған материалдар жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде және педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен педагогикалық шарттардың тиімділігін көрсетеді. Эксперимент барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби-акмеологиялық мотивациясының, акмеологиялық білімінің, кәсіби рефлексиясы мен өз дамуын жоспарлау және бақылау біліктерінің оң өзгерісі анықталды. Алынған нәтижелер зерттеудің ғылыми негізділігін және оның практикалық құндылығын айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігінің мәні мен құрылымын нақтылауда, оны дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарын айқындауда, «Акме-ALACT» спиральдық моделін ұсынуда және «балаға бағытталған акме», «акме-траектория», «кәсіби жақын даму аймағы», «акмеологиялық рефлексия» ұғымдарын ғылыми айналымға енгізуде көрінеді. Зерттеу нәтижелерін педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру бағдарламаларында, педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде және әдістемелік қызмет барысында кеңінен пайдалануға болады.

Анарбек Лаура Анарбекқызы зерттеу жүргізу барысында ғылыми этика талаптарын толық сақтай отырып, өзін ізденімпаз, жауапкершілігі жоғары, ғылыми ойлау мәдениеті қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсетті. Ғылыми әдебиеттерді жүйелі талдау, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты сауатты ұйымдастыру, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеу және қорытындыларды дәлелді түрде тұжырымдау барысында оның кәсіби құзыреттілігі мен ғылыми-зерттеушілік мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасқаны байқалады. Ізденуші ғылыми талғылауларға белсенді қатысып, ғылыми сын-пікірлерді орынды қабылдай отырып, зерттеу мазмұнын үнемі жетілдіруге ұмтылды. Оның теориялық даярлығы, практикалық бағыттылығы және ғылыми ізденіске деген жауапкершілігі диссертациялық зерттеу барысында толық көрініс тапты.

Анарбек Лаура Анарбекқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп, ашық қорғауға ұсынамын

Пікір беруші:
Отандық ғылыми кеңесші
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор **А.Е. Манкеш**